

МАҚҰЛДАНДЫ
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Директорлар кеңесінің
2007 жылғы 4 желтоқсандағы
№22 хаттама

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысы
2008 жылғы 23 қаңтарда
БЕКІТТІ

2018 жылғы 22 қаңтарда
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысы енгізген
ӨЗГЕРІСТЕРМЕН

2018 жылғы 11 шілдеде
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
Акционерлерінің жалпы жиналысы енгізген
ӨЗГЕРІСТЕРМЕН

*«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларды сатып алған
кезде қоғамның олардың құнын белгілеу әдістемесі*

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы әдістеме (бұдан әрі – «Әдістеме») «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Заң») және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – «Қоғам») сәйкес әзірленді және Қоғам акцияларды сатып алған кезде Қоғамның олардың құнын белгілеу әдістерін белгілейді.

2. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар қолданылады:

Акция – Қоғамның орналастырылған жай және артықшылықты акциялары, сондай-ақ осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын Қоғам акцияларының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын депозитарийлік қолхаттары;

Брокер – клиенттің тапсырмасымен, есебінен және мүдделерінде эмиссиялық бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

ХҚЕС – халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары;

Сауда-саттықты ұйымдастырушылар – қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының баға кесу ұйымы;

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы – сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес олармен мәмілелер жүзеге асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары айналымының саласы;

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығы – бағалы қағаздармен мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылатын бағалы қағаздар айналымының саласы.

3. Осы Әдістеме Акцияларды кейін сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қарама-қайшы келмейтін мақсаттарда Қоғамның бастамашылығы бойынша немесе Заңда белгіленген жағдайларда Қоғам акционерінің талап етуі бойынша оларды сатып алу кезінде олардың құнын белгілеу үшін қолданылады.

4. Қоғамның Акцияларды сатып алу қағидалары мен шектеулер Заңға сәйкес белгіленеді.

5. Егер Заңда және/немесе Қоғамның Жарғысында өзгелері белгіленбесе, Қоғамның Акцияларды сатып алуы директорлар кеңесі шешімінің негізінде жүргізіледі және Қоғам мен акционер немесе Қоғамның Брокері арасындағы Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасасу арқылы жүзеге асырылады.

6. Заңда белгіленген жағдайларда, сатып алу туралы нақты және бірімәнді талапты, осындай талаптың негізін қамтитын, акционер сатып алуға ұсынатын Акциялардың саны мен түрі, сондай-ақ акционердің мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген акционердің жазбаша өтінішінің негізінде Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Акцияларды сатып алынады.

7. Қоғамның акционерлері осы Әдістемемен танысуға құқылы.

АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫН БЕЛГІЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

8. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналатын Акцияларды Қоғамның бастамашылығымен сатып алу Акциялар айналатын Ұйымдастырылған нарықта қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша **не болмаса**, Акциялардың нарықтық құнын, Қоғамның жеке капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективаларын және/немесе өзге де факторларды ескеріп, директорлар кеңесі белгілеген өзге де баға бойынша жүзеге асырылады.

9. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналатын Акцияларды Қоғамның бастамашылығымен сатып алу Қоғамның директорлар кеңесі Акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдағанға дейін 30 күнтізбелік күннен бұрын емес күні тәуелсіз бағалаушы белгілеген баға бойынша немесе Қоғамның жеке капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарларына сәйкес оның өзгеру перспективаларын және/немесе өзге де факторларды ескеріп, директорлар кеңесі белгілеген өзге де баға бойынша жүзеге асырылады.

10. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында сатып алу акционердің өзіне тиесілі Акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның кеңесінде тіркелген күніндегі (егер осы күні мәмілелер болмаса, Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында тиісті Акциялармен мәмілелер жасалған бірінші алдыңғы күніндегі) жағдай бойынша, алынған соманың 10% мөлшеріндегі жеңілдікті есептегенде, Акциялар айналатын Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан орташа өлшемді баға бойынша жүзеге асырылады.

Акцияның орташа өлшемді бағасы мынадай формула бойынша есептеледі

$C = V / A$, мұнда:

C – акционердің өтініші тіркелген күніндегі Акцияның орташа өлшемді бағасы;

V – акционердің өтініші тіркелген күні осы Акциялар бойынша жасалған мәмілелердің ақшалай нысандағы көлемі (көрсетілген кезеңде Акциялар айналатын Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында Акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосындылау арқылы есептеледі);

A – акционердің өтініші тіркелген күні жасалған мәмілелердегі Акциялардың саны (көрсетілген кезеңде Акциялар айналатын Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында Акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосындылау арқылы есептеледі).

11. Қоғам акционерінің талап етуі бойынша Акциялардың бағалы қағаздардың Ұйымдастырылған нарығында айналмайтын Акцияларды сатып алу, алынған соманың 50% мөлшеріндегі жеңілдіктерді есептемегенде, Акциялардың баланстық құны бойынша жүзеге асырылады.

Акциялардың баланстық құнын есептеу Акционерге тиесілі Акцияларды сатып алу туралы оның өтініші Қоғамның кеңсесінде тіркелген күні бар Қоғамның ХҚЕС-ке сәйкес жасалған соңғы шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізінде жүргізіледі және мынадай формула бойынша есептеледі:

$P = E / Q$, мұнда:

P – Акцияның баланстық құны;

E – есептілік жасалған күніндегі Қоғамның жеке капиталының баланстық құны;

Q – Есептілік жасалған тиісті күні орналастырылған және айналыстағы Акциялардың жалпы саны (бір акцияға шаққанда, депозитарийлік қолхаттардың тиісті ара қатынасы ескеріледі).